

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 "2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 қарашадағы № 577 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 7726 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 "2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6683 тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық турдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "51487,3" сандары "51368,3" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері – "49703,0" сандары "49584,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "51487,3" сандары "51368,3" сандарымен ауыстырылсын;

6 тармақта:

екінші абзацында:

"166,0" сандары "47,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2020 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | | Сомасы |
|--------------|-----|--|-------------|
| Сыныбы | | | , мың теңге |
| Ішкі сыныбы | | | |
| Атауы | | | |
| | | I. Кірістер | 51368,3 |
| 1 | | Салықтық түсімдер | 1227,7 |
| | 01 | Табыс салығы | 55,0 |
| | 2 | Жеке табыс салығы | 55,0 |
| | 04 | Меншікке салынатын салықтар | 1172,7 |
| | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 33,2 |
| | 3 | Жер салығы | 30,7 |
| | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1108,8 |
| 2 | | Салықтық емес түсімдер | 556,6 |
| | 01 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 15,3 |
| | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 15,3 |
| | 06 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 541,3 |
| | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 541,3 |
| 4 | | Трансферттердің түсімдері | 49584,0 |
| | 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 49584,0 |
| | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 49584,0 |
| II. Шығындар | | | 51368,3 |
| 01 | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 26154,3 |
| | 1 | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 26154,3 |
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 26154,3 |
| | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21034,3 |
| | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5120,0 |
| 04 | | Білім беру | 17081,0 |
| | 1 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 17081,0 |
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 17081,0 |
| | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 17081,0 |
| 07 | | Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық | 8133,0 |
| | 3 | Елді-мекендерді көркейту | 8133,0 |

| | | | |
|--|-----|---|--------|
| | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 8133,0 |
| | | 008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 350,0 |
| | | 009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 697,0 |
| | | 011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 7086,0 |
| | | III. Бюджет тапшылығы (профицит) | 0,0 |
| | | IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) | 0,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК